**Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің**
**«8D02212 – Докторантура»**
(білім беру бағдарламасының атауы және коды)
**білім беру бағдарламасына**
**сараптамалық қорытынды**
(сыртқы сараптама)

1. Білім беру бағдарламасын бағалау (бұдан әрі - БББ)

   А) Бағдарламаның еңбек нарығындағы қажеттілігі: Қазіргі таңда еліміздің түркі әлеміндегі көшбасшылық рөлі ҚР ЖОО базасында түркітілдес халықтардың тілін, тарихын, дүниетанымын зерделеумен қатар, археологиялық және этнографиялық аспектілерін кешенді түрде зерттейтін түркітану ғылымының міндетіне қазіргі түркі халықтарын саяси интеграциялық және этно-мәдени тұрғыдан біріктіру жолындағы жан-жақты зерттеу, сараптау қызмет түрлері кіреді. Яғни қазіргі кезде уақыт талабына сай мұндай халықаралық интеграциялар мен байланыстарды нығайтуға қызмет ететін әлемдік масштабтағы кәсіби мамандар үлкен сұранысқа ие. Осыған байланысты, бүгінгі таңда түркітану саласы нарықты тиімді жылжытуға қабілетті кәсіби дайындалған мамандарды қажет етеді. Бұл сараптамаға ұсынылған білім беру бағдарламасы еңбек нарығында жеткілікті сұранысқа ие деп тұжырым жасауға негіз береді.

   Б) БББ-ның кәсіби қызметті реттейтін нормативтік құжаттарға сәйкес келуі: Ұлттық біліктілік шеңбері (ҰБШ), Салалық біліктілік шеңбері (СБШ), Кәсіби стандарт (КС), оқыту нәтижелерінің еңбек функцияларына сәйкестігі (КС болмаған жағдайда)
   «Түркітану» білім беру бағдарламасына жүргізілген сараптама ҰБШ және «Түркітану» кәсіби стандарттар негізінде, «Атамекен» Қазақстан Республикасы Ұлттық Кәсіпкерлер Палатасы Басқармасы Төрағасының бұйрығына қосымша (08. 06. 2017 ж. №133) бекітілгенін анықтауға мүмкіндік береді.

   В) БББ мазмұнының экономиканың, қоғамның салаларын дамытудың қазіргі заманғы деңгейіне, ғылымның жетістіктеріне және жұмыс берушілердің сұраныстары мен қажеттіліктеріне сәйкестігі.
   Білім беру бағдарламасында қарастырылған пәндер ББ қалыптастыруға бағытталған құзыреттілік дағдыларын нақты анықтайды. Жалпы алғанда, білім беру бағдарламасындағы пәндер қазіргі кезде өзекті болып табылады және берілген дағдыларды, білімдер мен қабілеттерді дамыту еңбек нарығында түлекке деген сұранысты арттырады.

2. Білім беру бағдарламасын жетілдіру бойынша ұсыныстар:
   Қазіргі білім бағдарламасында түркітанудың диахрониясына көп көңіл бөлінген, енді синхрониялық аспектісіне байланысты пәндер қойылса дұрыс болар еді.

3. Қорытынды:
   Білім беру бағдарламасы оқу процесінде пайдалануға ұсынылады / ұсынылмайды
   ББ оқу процесінде пайдалануға ұсынылады

3. Сараптама жүргізген: ЖҰМЫС БЕРУШІ

**Түркия Республикасының**
**Юнус Емре атындағы институтының**
**Нұр-Сұлтан қаласындағы**
**Түрік мәдени орталығының**
**директор міндетін атқарушы**

**А. Исина**

**04.04.2022**